

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КОНТЕКСІНДЕГІ
ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ**

**халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
материалдар жинағы
25 сәуір 2023 жыл**

**СТРАНЫ ВОСТОКА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ПРОБЛЕМЫ И НОВЫЕ
ПОДХОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ**

**сборник материалов
международной научно-практической конференции
25 апреля 2023 г.**

**collection of materials
international scientific and practical conference
THE COUNTRIES OF THE EAST IN THE CONTEXT OF
MODERN INTERNATIONAL RELATIONS: PROBLEMS AND
NEW REQUIREMENTS FOR RESEARCH**

25 April, 2023

**НҮР-СҰЛТАН
2023**

УДК 327
ББК 66.4
Қ22

Ұйымдастыру комитеті

Төраға:

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ басқарма төрағасы-ректор

Төрағаның орынбасарлары:

Мақыш С.Б., Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
Құрманғалиева Ж.Д., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерцияландыру және
интернационалдандыру жөніндегі проректор

Мүшелері:

Қосыбаев М.М., Калиева А.Б., Биримкулова Г.У., Тулеубаева С.А., Әлібекұлы А.

Құрастырған: Әлібекұлы А.

Қазіргі халықаралық қатынастар контексіндегі шығыс елдері: проблемалары және зерттеудің жаңа талаптары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы – Нұр-Сұлтан, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 112 бет.

ISBN 978-601-337-866-4

Бұл жинаққа қазіргі шығыс елдерін зерттеудің теориясы мен методологиясын, Таяу Шығыс, Шығыс Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азиядағы аймақтық мәселелерді, шығыс елдерінің тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, әлеуметтік жағдайларын қарастырған ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың мақалалары енгізілді.

Жинақты шығыс елдерінің дамуы мен рухани құндылықтарына қызығушылық танытқан шығыстанушылар, аймақтанушылар, филологтар және тарихшылар ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында қолдана алады.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-337-866-4

**УДК 327
ББК 66.4**



© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

келген шетел ғалымдары да қолдарына алып көруі бек мүмкін. Егер олар араб жазуымен жазылғанды танымаса латынша-кирилше транскрипцияны түсінуі қиынға соғары анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х.Ж., «Диуани лұғати ат түрік». - Алматы, Қазақ университеті, 1986. 118 б.
2. Тәзкіре-и Бұғра хан. Көне түркі тілінен аударған: С.Қосан. – Алматы, «Толағай», 2007. – 288 б.
3. Шюкрю Халюк Акалын. Махмуд Кашгари и Диван лугат ат-тюрк: Тысячу лет назад Тысячу лет спустя. // перевод – Джаштегин Тургунбаер. – Анкара, Турк Дил Курумы, 2010. С. 160.
4. Досмұхамедұлы Х. Диуани лұғати-т-түрк // «Шолпан» журналы, - Ташкент, 1923. - № 6-8. – б. 19-29.
5. Сыздықова Р. Сөз қадірі // «Алматы ақшамы» газеті, 19.05.2001 ж.
6. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай.– Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. 376 бет.
7. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 4-т. М.Қашқари Түрік сөздігі / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубай.– Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. 608 бет.
8. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай.– Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. 376 бет.

СИНЬЦЗЯНДАҒЫ БОСҚЫНДАР: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШІМДЕРІ

Ильясова Күлпаш Мырзамұратқызы¹,

kulpash_66@mail.ru

Ильясов Дархан Мырзамұратұлы².

ilyasov73@mail.ru

Аннотация. Мақалада Ресей империясының 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты мұсылман босқындарының (қазақ, қырғыз, өзбек, дүнген) Қытайға үдере көшуі, соның салдарынан Қытайда және оған шекаралас Жетісу облысында орын алған тәртіпсіздіктер мен қайғылы оқиғалар, Жетісудағы қазақ-қырғыздардың мүшкіл жағдайы, босқындарды Қытайдан қайтару тәсілдері, бұл мәселелерді шешу жолдары, нәтижелері 1917-1918 жж. шақырылған облыстық қазақ съездері және Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысында қабылданған қаулы-қарарлар мен шешімдер арқылы беріледі. Жетісу босқындарын Қытайдан қайтару тәсілдерінің 1917-1918 жылдары шақырылған Қазақ съездері

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Шығыстану кафедрасының профессоры м.а., тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана, Қазақстан.

² Т. Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің мұғалімі, Қызылорда, Қазақстан.

арқылы ұйымдастырылып, іске асырылғаны төте жазумен (араб графикасы) берліген ұлттық мерзімді басылым материалдармен негізделеді.

Кілт сөздер: отарлау саясаты, 1916 жылғы жарлық, Жетісу қырғыны, қазақ-қырғыз, мәжбүрлі босқындар, Шығыс Түркістан, мұсылмандар, Жетісу облыстық қазақ съезі, қазақ және мұсылман жылу комитеттері.

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы мусульманских беженцев (казахов, кыргызов, узбеков, дунгане) в Китае, в связи с указом Российской империи от 25 июня 1916 года, в последствий, произошедших трагических событий в Китае и в Семиреченской области, положения казахско-кыргызских народов в Семиречье, также вопросы касающиеся способам возвращения беженцев из Китая, пути их решения и результаты показаны на основе резолюций и решений, принятых Семиреченским областным казахским съездам, также съездом мусульман Туркестанского региона, созданных в 1917-1918 гг. Факт, что вопрос возвращения беженцев из Китая в Семиречье был организован и реализован Казахскими съездами, созданных в 1917-1918 годах. Вопросы касающиеся событиям в Семиречье подтверждаются материалами национальной периодической печати написанные на арабском шрифте (төте жазу).

Ключевые слова: колониальная политика, Указ 1916 года, Семиреченская резня, казахи, киргизы, Восточный Туркестан, принужденные беженцы, мусульмане, Семиреченский областной казахский съезд, казахские и мусульманские комитеты помощи беженцам.

Abstract. The article deals with the issues of Muslim refugees (Kazakhs, Kyrgyzs, Uzbeks, Dungans) to China, in connection with the decree of the Russian Empire dated June 25, 1916, in the aftermath of the tragic events in the China and in the Semirechensk region, the situation of Kazakh-Kyrgyz peoples in Semirechye, as well as issues related to the ways of returning refugees from China the ways of their solution and results are shown on the basis of resolutions and decisions adopted by the Semirechensk regional Kazakh congresses, as well as the Congress of Muslims of the Turkestan region, convened in 1917-1918. The fact that the issue of the return of refugees from China to Semirechye was organized and implemented by Kazakh congresses convened in 1917-1918. Questions concerning the events in Semirechye are confirmed by the materials of the national periodical press written in Arabic script (tote zhazu).

Keywords: colonial policy, decree of 1916, Semirechensk massacre, Kazakhs, Kirghiz, East Turkestan, forced refugees, Muslims, Semirechensk regional Kazakh Congress, Kazakh and Muslim refugee aid committees.

Ресей империясының 1914 жылғы «Еуропа» немесе «жиһан» соғысына қатысуы, 1916 жылғы патшаның жарлығы бойынша Орта Азиядағы қазақ, қырғыз, өзбек, дүнген сияқты мұсылман халықтарынан көптеп әскер жинауы, шеткергі аймақтардағы мұсылман халықтарының наразылығын тудырды. Әсіресе, Қытаймен жапсарлас жатқан Жетісу өңіріндегі қазақ-қырғыздар орыс жандармериясының қысымына қарсы тұрып, қырғынға ұшырағаннан кейін шекара асып кетуге мәжбүр болды. Бұл патшалық жүйедегі жаппай қуғын-сүргін саясатының тағы бір көрінісі болатын. Соңғы отандық зерттеулер бойынша босқындар мәселесіне жаңаша көзқарас қалыптасты. Айталық, кеңестік тарихнамада 1916 жылғы көтеріліс кезінде Қытайға үдере көшкен мұсылман халықтарын қайтару мәселесі кеңестік биліктің тікелей ықпалымен жүргізілгені дәріптеледі. Шын мәнісінде, бұл мәселелер монархиялық билік күйрегеннен кейін қалыптасқан жаңа жағдайда құрылған Мұсылман және Қазақ Комитеттері сияқты қоғамдық-саяси ұйымдар арқылы жүзеге асырылған.

Шекаралас Қытайға бас сауғалап барған босқындар Шыңжаңның алты аймағына – Іле, Тарбағатай, Алтай, Қашқар, Ақсу және Байынғұлын аймақтарына шашырай орналасты. Оның ішінде босқындар ең көп барған аймақтар Іле мен Тарбағатай болды. Шамамен 200 мыңдай босқын Іле аймағын паналаған [1].

Ал қытай тарихшысы Су Бэйхайдың мәліметтеріне сүйенсек, 1916 жылы Синьцзянға қашып өткен қазақ, қырғыз, өзбек, дүнгендердің саны 300 мыңнан асқан. Солардың ішінде қазақтардың саны ең көп болған [2, 106 б.]. Осы ретте айта кетейік, Қытайлық Түркістан атауының Батыс Қытай немесе Синьцзян (бұл сөздің нақтылы қытайша айтылуы «Чинг-Джаг» - («Tching-Djang»), аудармасы «жаңа облыс», «жаңа провинция» мағынасын береді. Бұл атау елге Якуббек Аталық Ғазының жетекшілігімен болған мұсылман қозғалысынан кейін, бұл елдің қайта бірігуі мен толық бейбітшілік орнағаннан кейін, яғни 1884 жылы берілген. Ресей өзінің түркістандық иеліктеріндегі көтерілістердің таралуынан сескеніп, Құлжа қаласын иемденіп (1865 ж.), қайтадан 1871 жылы Қытайға береді, ол үшін Қытаймен шекаралас жерлердің барлығында салықсыз сауда жасау құқығын алады. Бұл уақытта (1865-1871 жж.) Ресей билігі Түркістанда толық бекітілмеген еді. Қазіргі Түркменстан, Хиуа хандығы әлі жаулап алынбаған болатын, номиналды түрде Қоқан хандығы өмір сүріп жатты. Қайтадан біріктірілген ұланғайыр және байтақ бай аймақ болып саналатын Түркістан әлі де келімсектерге қарсы көтерілістерге тұнып тұрған еді. Сондықтан Ресей әскери қимылдар алаңын шектеуі тиіс болды, сөйтіп ол иеленген Құлжа қаласын Қытайға қайтаруға бел буады, жоғарда айтылғандай салықсыз сауда құқығын Қытайлық Түркістан мен Монғолияда ғана емес, жалпы Қытаймен жапсарлас жерлердің бәрінде орнатуға көндіреді. Синьцзянның 5 млн. халқының ішінде түрік тегінен шыққан мұсылмандар 75 пайызды құрайды. Қалған бөлігін қытайлықтар мен монғолдар иемденеді.

Синьцзянның әкімшілік құрылысы 8 губернияға бөлінген: Үрімші, Шәуешек, Құлжа, Қарашахар (Karashehir), Алтай, Қашқар, Ақсу және Хотен. Әрбір губернияның басында азаматтық губернатор (Тао-ун) тұрады. Губерниялар ұсақ бірліктерге, кантондарға бөлінеді, оларды сугувернерлер – «Hsien-Tchang» басқарады. Барлық провинциялардың басында бастық отырады және ол бас қолбасшы «Tching-chon-jeng» болады. Синьцзянның астанасы Үрімші қаласы болып қалды [3, 399-404 бб.].

Патшалық Ресей үкіметі 1916 жылғы көтеріліс кезінде Синьцзянға қашып өткен түрлі ұлт өкілдеріне қарата шектен асқан қырғындау саясатын қолданды. Осы жылдың 19 қазан күні таңсәріде «екі зеңбірек сүйреткен 500-ден астам орыс әскері Янчжа деген жерден бастап атқылағаннан Нарынқолға, яғни қолбасшылары тұрған қарауылға дейін келген. Өздері байыз тапқанша зеңбірекпен дүркін-дүркін атқылап, Ресейлік қазақтардан кәрі-жас, үлкен-кіші демей талай адамды қырып салады... қазақтар өлген-тірілгеніне қарамай Қытай шекарасы ішіне келіп кіреді»... Ресей командирлері өз тарапынан Қытайдың шекара қарауылына 5 адам жіберіп: «Ресейде бүлік тудырған қазақтар Қытайға кірді. Бірақ, оларды ұрып-соқпай, өлтірмей өздеріне қайтарып беруді» сұраған [2, 107 б.].

1916 жылдың желтоқсанында Ресей тарапы Қытай шекарасы ішіне әскер кіргізіп Қаракөлде қашқын жұрттың атаманы ағайынды-інілі Сабдановтарды ұстамақ болғаны туралы хабарды естіген соң, дереу 31 желтоқсанда Пекин үкіметіне телеграмма жолдап, Ресей тарапымен дипломатиялық арналар арқылы сөйлесуді, олардың қарулы күшпен шекарадан кіруіне жол бермеуді талап етеді. Ал, 1917 жылдың 3 ақпанында Қашқардағы Ресейдің бас консулы Қытай тарапынан жазған бір нотада «Ресей құзырындағы Жетісу өлкесінде бүлік тудырған қазақтардың атамандарын ұстауға жердемдесулерін өтініп, Шағыр бастаған 54 адамның аты-жөнін жібереді» [2, 108-109 бб.].

Алайда, патшалық Ресей өз еліне қайтып барған қазақтарды жалғасты түрде жаппай қырғындады. Сондықтан олардың бір бөлігі Ресей шегіне өтуін өтіп алып, ұайта ұашып келді.

Ол туралы деректерде былай делінеді: «Еліне қайтқан бұрұттар (бұрұттар – қырғыздар) Қаракөл, Баскөл және Зукке жетісімен орыстардың аяусыз қырғындауына тап болады. Он күннің алдында Байделік деген жерде еліне қайтқан бұрұттардың 123 отбасы қырғындалды. Алдыңғы жолы еліне қайтқан қазақтардың бір легі Қаракөл станциясына жеткенде олардың арасынан 700 адам орыстар қолынан атып өлтірілді». Сондықтан, еліне әлі қайта қоймаған бұрұттар өлсе де олай барудан бас тартты немесе жаппай қайтатын уақыттарын кешеуілдете берді.

Жалпы алғанда, 1916 жылдың соңғы жарымынан бастап ресейлік Орта Азиядан Синьцзянға қашып өткен қазақ, қырғыз босқындарының саны 300 мыңнан асып, олар Тарбағатай, Іле, Ақсу, Қашқар қатарлы аймақтарға бытырай қоныс тепті. Сондай-ақ Сауан, Манас секілді жерлерге дейін ішкерілеп кірді. Олар «малшылардың жайлымын күшпен басып алды немесе жәй халықтың мал-мүлкін тартып алды. Қайда барса сол жерде бұлап-талау жүргізді» [2, 113-114 бб.].

Қытайға босқан қазақ-қырғыздардың хал-жайы өте мүшкіл болғанын Қапалдан Құлжаға барып келген Молдағали деген мұғалім жігіттің мынадай мәліметтері де айғақтайды: «Қазірде олар топалаң тиген қойдай аштан өліп жатыр, өлгендерін көмуге де халдері келетін емес. 3-4 мыңдай кісі Құлжа, Көз шаһарларына келіп, тіленшілікпен күн көріп, аштан өлуден аман... аз-аздан болмаса, көп өлімі жоқ. Құлжадан 130 шақырым жерде аштан өлу көп». Осындай ауыр жағдайдың куәсі болған ол Құлжа мұсылмандарының атқару комитетіне (төрағасы Садық Ювашев) телеграф арқылы мұсылманы көп қалаларға аш қырғыздар халін баяндап, жәрдем беруін өтінеді. Бұл өтініш Құлжа мұсылмандары тарапынан қолдау тауып нақты іс-шаралар жасалды. Бұған Найманқожа баласының «Бұл қырғыздардың халі корей мұсылмандарының аштық, жалаңаштық күйін газеттерге ерте жазып, бүгін Россия мұсылманы жылу жиып, көптеп-көмектеп аштық, жалаңаштық өлімінен құтқарды. Ал, қырғыздардың 6-7 ай аш-жалаңаштығын ешкім білмеген. Құлжадағы оқыған білімді ноғай ағайындардың қырғыз халін газеттерге жазып, әшкерә қылып, жәрдем жиюға ертерек ұмтылғандарына іш ауырғандай болады. Бәрі бірдей қарындас, өліп жатқанда пайда тигізбегенде, қашан пайда тигізбек» [4].

Осындай келеңсіз оқиғаларға қатысты өзекті мәселелер 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін қалыптасқан жаңа жағдайда шақырылған облыстық, уездік және болыстық қазақ съездерінде қаралды. Айталық, «Қырғыздарды тыл жұмысына алуға байланысты болған оқиғалар», «1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты болған тәртіпсіздіктер және оның зардаптары», «Жетісудағы қырғыздардың жағдайы», «Жетісудағы оқиғалар», «Орыстар мен қырғыздардың арақатынасын реттеу тәсілдері», «Босқындарды Қытайдан қайтару тәсілдері» және т.б. туындаған өзекті мәселелер «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Алаш» сияқты араб графикасымен (төте жазу) шығып тұрған ұлттық мерзімді басылым беттерінде үздіксіз жарияланып отырған.

Қытайға географиялық жағынан жақын орналасқан Жетісу өңірінен шыққан Алаш қайраткері Ы.Жайнақовтың мәліметтері бойынша «Жетісудан, Самарқаннан, Қаратөбеден хәм басқа орындардан әскер басы хабар алды. Қазақ ішінде бүліншілік шыға бастады. Жер жайғастырушы мекемелердің (переселенческое управление) адалдықты аттап, жер алу әдісінің салдарынан шыққан» деген жеделхатқа Жетісу облыстық қазақ съезі өкілдері наразылық білдіріп, «ондай дәйегі жоқ, өтірік хабарларды ескі тәртіпті жақтаушылардың барша Түркістанды, болмаса Жетісуды жырмалап, мұндағы жергілікті жұрттарға, оның ішінде қазақтарға бостандық дәмін татқызбай, бұрынғыдай езілген, тапталған, құлдық күйінде қалдырмақ ниетінен туған қулық пен сұмдықтары» болған [5].

Ал Ресей империясының ресми өкілдері бұл жағдайда «халықтың өзін-өзі қорғауы үшін әзірге оларға қару берудің қажеті жоқтығын, бірақ пункттер бойынша әскер ұстау

керектігін, себебі поселкелердегі орыс халқының қорғансыз отырғанын, Қапалдан Ілеге дейінгі аралықта селолардың көптігін, ал солдаттардың мүлдем жоқтығын» алға тартып, ол жаққа, әсіресе Қоғалыға әскер қою керектігін, Лепсі халқының уезді қорғауға дайын екенін, олардың 1916 жылғы көтерілістен кейін сескеніп қалғанын, сондықтан әр пунктте 200 солдаттан жергілікті халықтың пәтерлеріне солдаттар жібергілері келетінін, ондағы мақсат былтырғы оқиғалардың қайталанбауынан сақтану екенін, Отанды қорғау мақсатында Жетісу облысындағы гарнизондарды күшейту керектігін, оларды керекті пункттерге және пәтерлерге жіберу керектігін, мұсылмандардың кейбір жекелеген тұлғаларының қызметін бақылауға алу керектігін» баса көрсеткен [6, 71-74 пп.]. Басқаша айтқанда, отарлаушы елдің өкілдері ұлтаралық қатынастар мәселесінде жергілікті ұлттардан гөрі орыстардың мүддесі мен құқықтарын қорғаштап, қазақ халқының бүтіндігін ойлап жүрген зиялыларымызға сенімсіздік танытады.

Қытайға босқан қазақ-қырғыздарды қайтару мәселесін көтерген Жетісу облыстық қазақ съезінде қабылданған шешімдер негізінен Пржевальск уезінің мәліметтеріне сүйенеді. Бұл съезд қазіргі ғылыми ортада қалыптасқан терминмен айтқанда, «мәжбүрлі босқындар» мәселесін Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің өз бақылауына алуын сұрайды. 1917 жылғы 15 маусымда Түркістан комитетінің өкілі О.Шкапский Уақытша үкіметтің атына жолдаған бір жеделхатында: «1916 жылғы оқиғаларға байланысты орыс пен қытай азаматтары арасында туындаған мәселелерді шешу үшін халықаралық съезд ашу қажет. Съезде қытайлықтардың айдап әкеткен малдары және күшпен алып кеткен қыз-келіншектерді еліне қайтару мәселелері көтерілуі ықтимал. Тонау мен талан-таражға жол берілген Құлжа ауданында басшы қызметтерде отырған адамдарды ауыстыру керектігі ескертіліп, ондағы консулдың ауысқандығы жөнінде хабарланды. Съезді шақыру мерзімі тамыз айы деп белгіленіп, оған өкілдер тағайындау сұралған» [7,103 п.]. Көп кешікпей бұл идеяны Х.Ғаббасов қолдап, 1917 жылғы 21 тамызда өткен біріккен делегаттар кеңесінің мәжілісінде: «Қытайға келген қырғыздарға бақылау орнатып, екі ел арасындағы мәселелерді (әсіресе мал ұрлауға байланысты) шешу үшін съезд шақыру керектігін» айтады [8, 103 п.].

1917 жылдың мамыр айында өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде Жетісу оқиғалары туралы З.Газетдинов сөз сөйлеген. Ол жетісулық қазақ-қырғыздарды бұл қасіреттен құтқару үшін үкімет тарапынан жұмысшы, шаруа һәм солдат өкілдері Советіне, Жетісудағы комитеттерге жеделхаттар жіберуге қарарлар қабылдауға түрткі болады [9]. Босқын қазақ-қырғыздарға жан-жақты жәрдемнің, атап айтқанда жекелеген ұлт өкілдерінен, жер-жерлердегі қазақ, мұсылман ұйымдарынан, Уақытша үкімет пен оның Түркістан Комитетінен О.Шкапский мен М.Тынышбаев арнайы жіберілген. Сондай-ақ осы жұмыстардың басы-қасында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Қадырбаев, И.Әлібеков, Ж.Жәнібеков, Б.Мәмбетов, Е.Омаров сынды тұлғалар жүрген.

Түркістан Комитетінің ресми өкілі О.Шкапский 1917 жылғы 21 тамызда өткен Түркістан аймақтық кеңесінің жиналысында сөйлеген сөзінде «Жетісу туралы іске кіріспей тұрып, әуелі мұндағы болып жатқан хал-ахуалдарымен анық танысу керектігін» айтады. Кеңес оның бұл пікірін мақұлдап, комитеттің мүшесі Шендриковты Жетісуға жібермек болады [10].

Жетісулық босқындарға жылу жинауға жәрдемдесіп, ерлерше ат салысқан қазақ қыздарының бірі Аққағаз Досжанова болды. Ол 1918 жылы 17 желтоқсанында Алаш қаласында Жұмаділқызы Күләннің «Қыз қашар» ойынында Жетісудың аш-жалаңаштарының пайдасына жиналған 600 сомды Жылу комитетіне өз қолымен тапсырған. Сол кезде Жетісуға кеткен Жылу комитетінің председателі М.Тынышбаевқа берген [11].

Жетісу оқиғаларына байланысты 1917 жылғы 18 тамызы күні Түркістан мұсылмандары Ташкент қаласында демонстрацияға шыққан. Оған қатысқан сарт, ноғай, қазақтардың алдына

Түркістан комитетінің төрағасы Наливкин мен осы комитеттің мүшесі Шендриков шығып, Жетісу қырғынын басуға хукіметке жақында қам жасап жатқандарын айтты. Демонстранттар туларына мұсылманша, орысша «Жетісу қырғыны һәм қантөгіс жойылсын!» «Жасасын туысқандық!» ұрандар көтереді [12, 295 п.]. Алаш зиялыларының сөзімен айтқанда, «...аңсап өлейін деп жатқан адамның аузына су тамызғандай, аз-көп демей һәм әліне қарай жәрдем ету – әуелі адамшылық, екінші ағайыншылық жүзінен кімге де болса борыш» еді [13].

Алаш қайраткері Қ.Кемеңгерұлы өз жазбаларында «1916 жылы қазақ жігіттерін қара жұмысқа алғандық жығылған үстіне жұдырық болғанын, бұлардың Ресей қалаларын армансыз шарлағандығын» айта келіп, мұның сифилисті өте күшейткенін, қазақтың бұл күнге шейін құрымай келгендігі жаз таза ауада көшкендігінен, қымыздың қызуынан. Ал әртүрлі аурулар көптеп өлуге себеп болғандықтан, қазақта өсім аз болғанын» жазып кеткен [14, 63-64 бб.].

Жетісу облыстық қазақ комитетінің төрағасы Ы.Жайнақовтың Ә.Бөкейханға жолдаған тағы бір жеделхатында: «Қытай жерімен Шәуешекке Алашорданың Жетісу бөлімінің барша мүшелері келді. Бұл жақта қазақ пен казак-орыстың хал-жағдайы қатты аянышты. Талау, асып-атудан көз ашылмайды. Казак-орыс һәм қазақ ауылдарын большевиктер тобымен құртып жіберді. Үржар қаласында таланға шалығып, 1000-дай қазақты өлтірді. Жетісудағы большевиктің саны 10 мыңнан астам болса керек. Күшіне, қолындағы қару-жарағына сеніп, күшін аямай қатты соғысып жатыр. Бұларды жеңуге казак-орыс пен қазақтың Сібір хукіметінің әскерлерімен қол ұстасып іс қылуы қажет. Бірақ, бізде қару-жарық жоқ. Бізге қару-жарак жіберуге қам қылсаңыздар және өздерінің бұл туралы жол-жобаларыңыз бар ма?» - деп сұралған [15]. Бұдан Алашорданың Жетісу бөлімінің қарап отырмай, дербес әрекетке көшкені анық көрінеді.

«Орыстар мен қырғыздардың арақатынасын реттеу тәсілдері» мәселесі Жетісу облыстық қазақ съезінің күн тәртібіндегі сұрақтардың 16-17 пункттерінде арнайы қарастырылған. Айталық, 16 пункт бойынша Пішпек және Пржевальск аудандарындағы шаруалардың қырғыздарға деген ұнамсыз көзқарасын ескере отырып, (1916 жылы бұл жерлердегі тәртіпсіздіктер неғұрлым өшпенділік сипатында болған еді) жергілікті атқару комитеттерінің өтініштеріне қосымша аталған комитеттерге, жергілікті мұсылман комитеттеріне осы жылдың 14 наурызында 10 000 сом ақша бөлінгені; екіншіден, орыс тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыру және татулықты қалпына келтіру үшін жергілікті қырғыз комитеттері арқылы алқаптардағы егінді жинау, шөп шабу жұмыстарына әскерге семьяларына, сол сияқты жұмысшы артельдеріне шақырылмаған кедейлерді топтастыру. Осы мақсатта шаруа депутаттарымен келісе отырып, еңбекшілер үшін алқап жұмыстарына келісілген ақысын тағайындауы; үшіншіден бұрынғы тәртіпсіздіктер болған аудандарда кезінде шаруаларға таратылған қарулардың қолданылғанын ескере отырып, съезд билік орындары тарапынан шаруаларды қарусыздандыруды өтінеді.

«Қытайдан қайтару тәсілдері» деп аталатын 17 пункт бойынша тәртіпсіздіктен кейін Қытайға қашқан қырғыздарды туған жерлеріне қайтару – жергілікті және жоғарғы өкімет органдары тарапынан дұрыс шешілді. Бірақ мұны нақты іске Пржевальск ауданындағы шаруалардың қырғыздарға өшпенділігі салдарынан қазіргі уақытта барлық жерлерде орындалуы мүмкін емес. Сондықтан алғашқы кезде қайта оралған қырғыздарды Пішпек уезінің Қашқар ауданынан келгендерді Ұлықол, Семізбел алқаптарына және басқа да қауіпсіз жерлерге, атап айтқанда Пржевальск бөліміне, Қашқар, Сусамыр алқаптарына, Атбасар уезіне, Тоғызтарау және т.б. алқаптарға; Құлжа ауданынан қайта оралғандарды уақытша Верный уезінің Шығыс бөлігіне Қарқара, Шұладыр, Белқара және Пржевальск бөлігіне де орналастыру керек. Әрі шаруаларды мүмкіндігінше қауіпсіз жерлерге орналастыру көзделеді.

Екіншіден аталған алқаптардың көпшілігінің қазыналық жер болып табылатындығын ескере отырып, бірнеше ондаған мың десятина болып саналатын қосалқы бөлімдерді, әлі ешкім орналаспағандығын және оның қырғыздарға арендаға берілгендігін ескере отырып, съезд барлық алым төленетін жерлерді және аталған аудандардағы қосалқы жерлерді қайтып оралған қырғыздардың пайдаланылуына беруді өтінеді.

Үшіншіден қайтып оралушылар мен жергілікті қырғыздар арасында шығып кету қаупі бар қақтығыстардың алдын алу үшін Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінен аталған аудандарға адамдар жіберуді көздейді [16, 1-8 pp].

«Қытай ауған қырғыз 1917-ші жылғы 28-ші ақпанда ауған қырғыз кейін еліне қайтты. Малдан таза айырылады, ауған елдің жүзден сексені өлді де, жиырмасы ғана қайтып келді. Ауған ел егіннен, бақтан, жоңышқадан таза айырылды. Өртенген қора, ойрандалған орнына келді, аш та, жалаңаш та өзі болды [17, 15-16 бб.].

Ұлттық интеллигенция өкілдері өткен ғасырдың басындағы соғыс, көтеріліс, революция жағдайындағы қиыншылықтарға қарамастан, 1916 жылғы оқиғаларға байланысты туындаған елдегі бүліншілік, босқыншылық, ұлтаралық шиеленістер сияқты мәселелерді оң шешуге ат салысты аш-жалаңаш босқындарға жылу жинап, қаражат көздерін іздестірді Отаршылдыққа қарсы күрестің «ымыраға келу» сияқты жаңа жолдарын ұсынған қазақ зиялылары «маусым жарлығына» көну арқылы, қалайда халқын «16-ның қырғынынан» құтқарып қалуды көздеді. Ресейдегі Уақытша үкімет жағдайында дербес әрекетке көшкен қазақ зиялылары бұл мәселені Қазақ съездерінде арнайы қарастырып, 1916 жылғы оқиғалардың салдарымен күресті.

Тұжырымдайтын болсақ, 1916 жылғы көтеріліс кезінде қазақ-қырғыздар Қытайға кетуге мәжбүр болды. Қытай аумағындағы мәжбүрлі босқындар «қорғансыздың күйін» кешсе, Ресей аумағындағы босқындар аяусыз жазаланды. Осы екі алып империяның ортасында қалған мәжбүрлі босқындарды елге қайтару мәселесін Алаш және мұсылман қозғалысының жетекшілері қолға алып, нақты әрекеттер жасайды. Ал Ресей билігі империялық қуғын-сүргін саясатын одан сайын күшейтіп, Түркістан өлкесіндегі 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншу арқылы шекаралық аумақтағы қазақтар мен қырғыздардың, өзбек мен дүнгендердің Шығыс Түркістанға қарай үдере көшуіне мүдделі болды. Осы жағдайда Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары орталықтағы түбегейлі өзгерістерді, яғни монархиялық биліктің жойылуын пайдаланып, қалыптасқан жаңа жағдайда алдымен облыстық, уездік және болыстық Қазақ съездерін шақырып, ортаға салып талқылаудан кейін мәжбүрлі босқындардың пайдасына саяси маңызы бар қаулы-қарарлар қабылдайды. Яғни, демократиялық бастамаларға жол ашқан Уақытша үкімет жүйесіндегі барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, Қытаймен шекаралас Жетісу өңіріндегі қазақ-қырғыз босқындарын 1917 жылдың көктем-жаз айларынан бастап елге қайтарды, мүмкіндіктеріне қарай жылу жинады, басқа да қаржы көздерін қарастырып, босқындардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етті. Қытайдағы мәжбүрлі босқыншылықтың ауыр зардаптарымен күрес Алашорда үкіметі таратылғанға дейін жалғасын тапты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Апашева С.Н. Жетісу қазақтарының 1916 жылғы босқыншылығы: себептері мен салдары. Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz» № 1 (25), 2021. <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1613> [10.03.2023].
2. Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы: Ерте заманнан – XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін/ Төрт томдық зерттеу. Таяу және өзiргi заман тарихындағы Синьцзян қазақтары. Аударма, зерттеу, факсимилие. – Алматы: «Асыл кітап» баспа үйі, 2020. – 4 том. – 832 бет.

3. Шоқай М. Китайский Туркестан /Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – VI том. – 524 бет + 4 бет жапсырма.
4. Найманқожа А. Қазақ. -1917. – 27 мамыр. – № 231.
5. Қазақ сиезінің ереуілдігі // Қазақ. - 1917. – 22 сәуір. – № 226.
6. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.– 9 –қор. – 1 т., 86–іс.
7. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. – 9-қор. – 1- т., 9–іс.
8. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. – 15-қор.-2-т., 422–іс.
9. Россия мұсылмандарының сиезі // Алаш. -1917. – 25 мамыр. – № 22.
10. Ішкі хабарлар //Қазақ. -1917. – 29 тамыз. - № 7.
11. Аққағаз. Аш-жалаңаштарға //Сарыарқа. – 1919. -2 (20) қаңтар. – № 64.
12. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. № 1044-қор. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті. 1-т., 11-іс.
13. Алаш азаматтарына // Қазақ. -1917. – 11 маусым. - № 233.
14. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. «Тарихи тұлғалар» сериясы. – Алматы: «Қазақстан, 1996. – 296 б.
15. Бірлік туы.1918-13(2) наурыз.- №25.
16. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. - 9-қор. -1-т., 51-іс.
17. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год: (сб. документов и материалов). – Алматы: Қазақстан,1998. – (саяси көпшілік басылым).Т.1. –1998. – 423 б.

ЖАҢА ҒАСЫРДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУДЫҢ БАҒЫТЫ МЕН БАҒДАРЫ

Бекқожа Жылқыбекұлы¹
bekhoja_astana@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақала 21 ғасырдағы дамушы елдердің тәлім-тәрбие саласында тап болып отырған қоршаған орта тәрбиесі, «жер шары біздің ортақ отауымыз» екендігін дәріптеу туралы тәлім-тәрбиені, дәстүрлі моралдық тәлім-тәрбие негізінде адам мен адамның, адам мен қоғамның байланысын реттеп отыратын жаңа моралдық тәлім-тәрбиенің және адамгершілік тәлім-тәрбиесі ғылым-техниканы адамзат баласының қолбаласына айналдыру үрдісімен тығыз ұштастырылуы керек екендігін теориялық негізде сарапқа салып, осы негізде еліміздің оқу-ағарту беталысын айқындау қажет екендігін ескертеді.

Түйін сөз: Тәлім-тәрбие, 21 ғасыр, қоршаған орта, ғылым-техника, ұрпақ санасы

Көне ғасырдың аяқтап, жаңа ғасырдың басталуы адамзат баласына тағы да тың ізденістер мен жаңа бетбұрыстардың жоба-жоспарын қайтадан бір рет мұқият қарастырып шығуға мәжбүрлеп отыр. Өйткені ғылым-техника күн сайын тез қарқынмен дамып, оның құбылмалы құпиясын мұқият игеру барысында дер кезінде шешуге тиісті түймешек түйіндер арт-артынан туындап отыр. Сондықтан 21 ғасырдың даму беталысы өте зор, табысты да жемісті ғасыр болумен бірге, «бас ауыруы» да бастан асатын, байбалам ғасыр болып

¹ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан.